



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

отражают все процессы, происходящие в нем. Кризис семьи - это кризис всего общества, поэтому начинать работу по преодолению кризиса в обществе нужно начинать с семьи, с укрепления ее как социального института.

Список используемой литературы:

1. Качанова О. И. Семейные кризисы и пути их преодоления [Текст] / О. И. Качанова // Молодой ученый. — 2011. — №10. Т.2. — С. 141-145.
2. Сатир, В. Как строить себя и свою семью / В. Сатир. - М. :Педагогика-Пресс, 1992, - 192 с.
3. Нейпир, О. Семья в кризисе: Опыт терапии одной семьи, преобразившей всю ее жизнь / О. Нейпир, К. Витакер. - М. : Когито-Центр, 2005. - 459 с.
4. Дементьева И. Социальное самочувствие семьи / И. Дементьева // Социс. 2008. - №9. С-370

УКД 159.928.235: 378.14

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Телегенова Гульнара Талгаткызы

gulna_ra_88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Психология мамандығының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қазіргі заманның талабы, жас ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу, ол тұлғаның дүниетанымы кең, өзін - өзі қоғамда, өзі білім алып жатқан оқу орнындағы ұжымда бақылай алатын және кез-келген ортада өз-өзін таныта білетін болуы қажет. Бейімделу кезін бір сөзбен айтып өту қиын. Білім алушылардың педагогикалық-психологиялық жағынан жаңа оқу орнына бейімделулерінің оң және теріс ықпалдары да болады. Сондықтан да осы ықпалдарды шешуде оқу мен тәрбиені қатар алып жүргеннің орны ерекше.

Қазіргі кезде кез – келген оқушылардың мектептен кейін жоғарғы оқу орнына түсіп, сол оқу орнының ішкі ережелеріне сәйкес бейімделуі, көңіл аударуы орасан зор әлеуметтік мәнге ие. Жоғарғы оқу орнының ішкі талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін мұғалімдер, олардың білімі мен біліктілігі, дағдыны дұрыс игеру кезіндегі жауапкершілік әрқашан бірінші орынға шығады. Сонымен «бейімделу» - түсінігіне тоқталатын болсақ, «бейімделу» түсінігінің нақты, бір мәнді анықтамасы жоқ.

Бейімделу (лат. *adaptare* — бейімделу)— ағзаның, сезім мүшелерінің ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге, орта жағдайына біртіндеп бейімделуі. Бейімделу үрдістері биологияның негізгі ұғымдарының бірі — гомеостазды сақтауға бағытталады. Биологиялық бейімделу ағзаның барлық деңгейлерін қамтиды: молекулярлықтан бастап, іс-әрекетті психикалық реттеуге дейін [1].

Адамның бейімделуі *биологиялық* және *психологиялық* деп екіге бөлінеді: біріншісі, ағза функцияларының және құрылымының ортадағы жағдайға, шартқа бейімделуі; екіншісі адамның әлеуметтік индивид ретінде, белгілі талаптарға, жағдайларға, принциптерге, әлеуметтегі және қоғамдағы әдептілік ережелеріне, өзіндегі жекелік қасиеттерін ескере бейімделу үрдісі болып танылады. Әлеуметтік ортаның талаптарына индивидтің белсенді бейімделу үрдісі психологияда әлеуметтік бейімделу (әлеуметтену), әлеуметті аккомодация деп аталады. Қабылдаудың нәтижелілігін арттыру және рецепторларды шектен тыс жүктемеден сақтау мақсатымен сезім мүшелерінің әртүрлі стимулдар ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу орын алады.

Бейімділік — индивидтің өзін қызықтыратын белгілі бір іске тандамалы бағыттылығы.

Өмірде кездесетін жағдайларға, ең жақсы түрде бейімделуге ықпал ететін адам қылығы.

Әр саладағы ғалымдар, зерттеушілер өзінің зертеу бағытына байланысты анықтаманы ұсынады. Соларды қарастыратын болсақ В.Н.Дружинин –«бейімделуді» - ағзаның орта мен нәтижелі әрекет ету үдерісі деп қарастырады. Ал Е.А.Ямбург «бейімделуді» - ағзаның құрылысы және қызметі, оның мүшелері және ұлпаларының орта жағдайына икемделуі дейді. Л.Д.Столяренко «бейімделу - адамның қоршаған ортаның түрлі талаптарына ішкі қолайсыздықты сезінбей және орта мен қақтығыссыз икемделе алу қабілеті» - деп қарастырады [2, 3, 4].

И.Я.Зимняяның пікірінше, тұлғаның бейімделу үдерісі объективті ортаны өзінің тұрмыстық болмысын саналы түрде сезінуі, айыра алуына байланысты туындайды, екіншіден, адамның еңбек қызметі бейімделуші ортада қашанда маңызды, үшіншіден, адам өзінің өмір сүру салтына қарай бейімделу үдерісін пассивті түрде қабылдап қана қоймай, мақсатты түрде өзгерте алады [5].

Ғылыми әдебиеттерде *бейімделу* қашанда жеке тұлғаның әлеуметтік рөлге енуі мен жаңа режимге көшуімен байланысты екені айтылады. Осы ұғымды ары қарай қарастыруымыз арқылы бейімделу – үдеріс пе әлде нәтиже ме деген сұрақ жайлы әлі нақты көзқарастың жоқ екенін аңғартты.

К.Е.Бекмаханованың пайымдауынша, *бейімделу* – жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы белгілі қарым-қатынас үдерісі және нәтижесі [6].

М.И.Иванова, А.В.Черемнов бейімделу үдерісі – «қандай да бір кезеңдегі құбылыстың пайда болуының, оның уақытқа тәуелді дамуын, өзгеруін, бірте-бірте ретімен бейімделу элементтерінің жиынтығын қамти тұрып, жаңа кезеңге өтудің сапалы нәтижесін береді» [7].

Бейімделусіз түрлі климаттық жағдайға, үнемі өзгермелі ауа-райына ағзаның қалыпты өмірлік әрекеттерін ұстап тұру мүмкін емес еді. Бейімделу – барлық тірі және адам ағзасы үшін үлкен өмірлік маңызы бар. Осы тұрғыда А.В.Петровский әлеуметтену үдерісінде тұлға дамуының үш кезеңін бөліп көрсетеді: бейімделу, даралану, интеграция.

Бейімделу деңгейі – негізінен балалық кезеңге сәйкес келеді, адам қоғамдық қарым-қатынас объектісі ретінде қарастырылады. Бұл деңгейде адам тұлға болуға бағытталады және ереже, талаптарды, белгілер жүйесін меңгеру болады. Егер бала бейімделу деңгейінен өтпесе және әлеуметтік өмірдің негізін меңгермесе, ол одан ары икемделе, бейімделе алуы күрделене түседі.

Даралану деңгейі – даралық, жекелік қажеттілігі арқылы туындайтын кейбір жекелену болады. Бұл жерде тұлға қоғамдық қарым-қатынастың субъектісі. Бұл кезең бір адамнан екіншісінің ерекшеленуіне мүмкіндік туғызады.

Интеграция деңгейі – ол қоғам мен адам арасындағы белгілі байланысқа жетуді шамалайды. Бұл кезеңде адам тіршілік әрекетінің үйлесімді түрін табады, қоғамда өздігінен жүзеге асырылу процесіне мүмкіндік туғызады. Тіршілік әрекетінің үйлесімді тәсілдері бар, ол нақты адамның бейімделуіне біршама деңгейде мүмкіндік береді [8].

Бейімделу үдерісі – үздіксіз процес болып табылады, егер де сол жүйеде «еңбек субъектісі – кәсіби орта» болған жағдайда ғана ол тұлғаны белсендіре алады. Жоғары оқу орынының өміріне білімалушылардың бейімделу процесіне 3 түрлі кезеңді алып қарауға болады:

- 1.Бейімделуге қиналу.
- 2.Орнығу.
- 3.Бейімделудегі жүдеу.

Бірінші курс білімалушыларының оқу орнының жағдайына бейімделуінің үш түрі бар:

- 1) формальды бейімделу, білімалушылардың жана ортаға, колледж құрылымына, ондағы оқыту мазмұнына және оның талаптарына қатысты;
- 2) қоғамдық бейімделу, яғни, бірінші курс білімалушыларының топтық ішкі бірігуі және жалпы алғанда топтардың басқа студенттермен қосылу үрдісі;
- 3) Дидактикалық бейімделу, жоғары оқу орындағы білімалушылардың оқыту жұмыстарының түрлері мен әдістеріне байланысты бейімделу.

Студенттердің үйреніп кетуі, ең алдымен, орта мектеп пен жоғары оқу орнындағы оқыту тәсілдерінің сәйкес келмеуімен қиындатылады. Мектеппен салыстырғанда басқа мәнермен баяндалатын дәрістерді толық түсінбеу, күнделікті бақылаудың болмауы, ең басында студенттердің үлгірімі мен хал –жағдайына теріс әсер етуі мүмкін, ал кейде көңілі қалу мен өз күшіне сенбуіне де әкелуі мүмкін. Лайықтануды сонымен бірге тұрмыстық шарттарының өзгеруі де баяулатады, сондықтан басқа қаладан немесе ауылдан келген студенттер үшін бейімделу әсіресе қиынға соғады.

Кейбір бірінші курс студенттері күтпеген қиындықтармен кездесіп, мамандықтың дұрыс таңдағандарына күмәндана бастайды. Олардың басым бөлігінде өздерінің болашақ мамандығы жайлы білімнің жетіспеушілігі күмән туғызады, бұл, өз кезегінде олардың ұстанымдарын өзгертеді, оқуға қызығушылықтың жоғалуына, үлгірімнің төмендеуіне әкеледі. Өз зерттеуімізде біз бейімделуді, студенттің жаңа – болашақ мұғалім – мәртебесіне ие болуына жағдай жасайтын үрдіс, тұлғаның профессионалды әлеуметтендірілуінің контекстінде қарастырамыз. Бейімделу үрдісінің бірінші сатысы – автономизация — бірінші курс студенті өзін ортаға қарама – қарсы қоятынымен сипатталады. Екінші саты – теңестіру — “кешегі оқушының” қоршаған студенттік орта жүйесіне қосылуын білдіреді. Үшінші саты — бірігу — студент өзін жоғары оқу орынның білім беру кеңістігі жүйесінің құрам бөлігі ретінде сезінгенде, жүзеге асады. Сонымен бірге, өз зерттеу жұмысымызда біз бейімделудің бірнеше деңгейлерін ажыраттық: дезадаптация, енжар және белсенді бейімделу.

Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделу үдерісін зерттеу нәтижесінде басты қиындықтар анықталды: кешегі оқушылардың, өзара көмегі мен қолдауын қоса, мектеп ұжымынан кетуіне байланысты жағымсыз күйініш; мамандық таңдаудағы бұлыңғыр мотивациялар, оған жеткіліксіз психологиялық дайындық; педагогтың күнделікті бақылау әдетінің болмауымен қосарланатын мінез-құлық пен іс-әрекетті өзі психологиялық реттеуді жүзеге асыра алмауы; жаңа жағдайда енбек пен демалыстың оптималды кестесін іздеу; тұрмыс тіршілігі мен өзіне-өзі қызмет етуді жөнге келтіру, әсіресе, үй жағдайынан жатақханаға ауысқан кезде; өздігінен жұмыс жасау дағдысының болмауы, конспектілеуді білмеуі, түпкі деректемелермен, сөздіктермен, анықтамалармен, көрсеткіштермен жұмыс жасау дағдыларының жоқтығы.

Әр курста студент дамуының бірқатар ерекше әлпеттері бар. *Бірінші курс* жақында ғана абитуриент болған адам ұжымдық өмірдің студенттік түріне көшу мәселелерін шешеді. Студенттердің мінез-құлқы конформизмнің жоғарғы сатысымен ерекшеленеді; Бірінші курс студенттері өз рольдеріне дифференциалдық тұрғадан қарай алмайды.

Екінші курс – студенттердің оқу іс-әрекетіндегі ең қауырттылық кезеңі. Екінші курс студенттері оқыту мен тәрбиелеудің барлық түріне қарқынды кіріседі. Олар жалпы дайындық алады, кең мәдени сұраныстар мен қажеттіліктер қалыптасады. Белгілі ортаға бейімделу үдерісі негізінен аяқталады.

Үшінші курс – мамандандырылудың басталуы, студенттердің әрі қарай дамуы және кәсіби мүдделерін тереңдетудің көрінісі ретінде ғылыми жұмысқа қызығушылығының нығаюы. Мамандандырылуды қайсарлықпен қажет ету кейде тұлғаның әржақты мүдделерін тарылтуы мүмкін. Осыдан кейін тұлғаның жоғары оқу орнында қалыптасуы негізінен мамандандырылу факторларымен анықталады.

Төртінші курс – жақында жоғары оқу орнын бітіру перспективасы – болашақ қызмет түріне анық практикалық ұстаным қалыптастырады. Материалдық және от басылық жағдайларға, жұмыс орнына байланысты, жаңа, бұрынғыдан өзектілеу болатын құндылықтар пайда бола бастайды. Студенттер біртіндеп жоғары оқу орны өмірінің ұжымдық түрінен алшақтай бастайды.

Сондай-ақ шетелден келген студенттерді қарастыратын болсақ. Шетелдік студенттердің түрткілері нақты бағдарлы мақсаттарына негізделген – диплом алу, олардың болашақ өміріне өте қажет. Бұл мақсаттарына жету үшін студенттер әртүрлі қиыншылықтарға барады және тіршілік ету ортасына бейімделеді. Тағы бір дайындық өз

еркімен қоныс аударушылар, олар басқа бөтен топқа қосылуға ұмытылады. Сонымен қоса түрткінің аз болуынан бейімделу процесі қоныс аударушыларға әлдеқайда қиынырақ болады. Қоныс аударушыларға түйісу тәжірибесі қолайлы болып табылады – тарихымен танысу, мәдениетімен елдің өмір сүру шарттарымен таныс болу.

Бейімделудің ең жақсы бір қадамы ол тілдік білім, ол тек қана әлсіздік пен тәуелділікті емес иеленушінің алдында сыйлауды құрмет етеді. Психологиялық зерттеулер студенттердің оқуға қатынасының және оқу әрекетінің қалыптасқандығының өзара байланысын дәлелдейді. Мысалы, студенттердің оқу міндетін қою икемі оқуға қатынастың сипатына әсер етеді деп көрсетілген, бұл сәйкесінше бейімделу үрдісінде теориялық білімге айналатын оқуға қатынастың өзгеруін туғызады.

Қорытыта келгенде, студенттердің оқу жағдайына бейімделуі барысында оның психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Студенттердің бейімдеуі үдерісі оңтайлы болған жағдайда ғана ол толық, әрі жан-жақты білім алуға мүмкіндігі туады.

Қолданылған әдебиет

1. Шайхова М. Жастардың әлеуметтік–психологиялық бейімделу мәселелері // Ұлағат. – 2004. – № 1. – 49-51 б.
2. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Практикум. –Растов-на-Дону, 1998. -356с.
3. Дружинин В.Н. Психология. 2-е изд. - СПб.: 2009. - 656 с.
4. Қалымбетова Э.К. Бейімделу болашақтың бейнесін құру ретінде //Ұлт тағылымы. – 2005.- № 3. – 251 б.
5. Зимняя И.А. Педагогическая психология. –М., 1999. -456с.
6. Бекмаханова К.Е. Проблема психологической адаптации студентов.–Алма-Ата, 1983. –23с.
7. Иванова М.И., Черемнов А.В. О профессиональной адаптации студентов //Проблемы педагогики высшей школы в свете постановления ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О мерах по дальнейшему совершенствованию высшего образования в стране». – М., 1973. – С. 171-176.
8. Петровский А.В., М.Г. Ярошевский Основы теоретической психологии. М.: ИНФРА-М., 1998. -23-24с.

УДК: 88,5:616-053.2-053,8

ОСОБЕННОСТИ ПСИХОКОРРЕКЦИИ ОТНОШЕНИЙ ДЕТЕЙ И ВЗРОСЛЫХ

Умаров Бахриддин Мингбоевич,

доктор психологических наук, профессор
заведующий кафедрой «Педагогики и психологии»

Ташкентской медицинской академии

Сайдуллаев Алишер Насруллаевич

старший преподаватель

кафедры «Педагогики и психологии»

Ташкентской медицинской академии

Научный руководитель – Г.Б.Шаумаров

Правильные взаимоотношения между детьми и взрослыми – важнейший фактор развития психического здорового ребенка. При нарушении этих взаимоотношений ребенок испытывает разочарование и склонен к различным проступкам. У него снижается самооценка, проявляется агрессия, замкнутость в себе и развиваются разные отклонение в его личности, которые в конечном итоге могут привести к социальному дезадаптации. Психологические знания свидетельствуют об огромном значении полноценного общения взрослого и ребенка, стиля такого общения для развития детей. Одним из существенных